

**№ 38 «Жазира» бөбекжайы МКҚК-да «Қамқоршылық кеңесінің»
отырысы.**

Хаттама №2

Күні: 18.12.2022ж

Қатысқандар: 10

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері;

№38 «Жазира» бөбекжайының меңгерушісі: А.С.Убишева

Күн тәртібінде:

I. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын кеңесте қарау.

II. Педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруды ұйымдастыру.

I. Тыңдалды:

№38 «Жазира» бөбекжайы МКҚК Қамқоршылық кеңес мүшесі С.Кунирова сөз алып, мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын түсіндіріп өтті. Мемлекеттік мекемелерде әкімшілігінен бастап жемқорлыққа жол берілмеуін қадағалап, барлық педагог кадрлар мен қызметкерлерге де сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейтіндігі түсіндірілуі қажеттігі айтылды.

II. Тыңдалды:

Педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруды ұйымдастыру бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Шакуова сөз алып тоқталып өтті. Мектепке дейінгі ұйым болғандықтан баланың алғашқы тәрбие мен білім алатын ордасында ата-анамен байланыс бірінші орында болуы қажет. Ата-аналармен дұрыс жұмыс жоспары құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуі арқылы жоғары нәтиже болатындығы айтылды.

Жарыссөз: Қамқоршылық кеңес мүшесі П.Кеселев сөз алып, бөбекжайдағы ата-аналармен жұмыстың жоғарғы деңгейде екендігін атап өтті. Түрлі спорттық, интеллектуалды, қимылдық, шығармашылық шаралар үздіксіз орын алатындығын хабарлап өтті.

Қаулы:

1. № 38 «Жазира» бөбекжайы МКҚК- да сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының жобасы бекітіліп, басшылыққа алынсын.
2. Педагогикалық ұжымда ата-аналармен жүйелі жұмыс атқаруды басты назарға алу.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



С.С. Сулейменова

Хатшы:



Д.А. Дильмухашева